

**«Шығыстану - 7M02217» білім беру бағдарламасы бойынша «Шығыс өркениеттерінің дәстүршілдігі мен жаңаруы» пәнінің емтихан бағдарламасы**

**Өткізу түрі:** ауызша, дәстүрлі

**Формат:** офлайн

**Емтихан бағдарламасының мазмұны:**

**Теориялық бөлігі:**

Дәстүрлі шығыс қоғамының сипаты мен модернизациялық өзгерістердің қалыптасуы, қазіргі өмірдегі даму жағдайлары, олардың ерекшеліктеріне қатысты мәселелерді қарастыру.

**Тапсырма:**

Шығыс елдеріндегі дәстүр мен дәстүршілдік ерекшеліктеріне талдау жасау

Шығыс елдерінің заманауи ақпарат саласындағы модернизациялық өзгерістерінің дәстүрлі қоғам сипатын өзгертуін талдау

Шығыс елдеріндегі (нақты бір мемлекет мысалында) қазіргі саяси жағдай аясындағы дәстүршілдік пен жаңашылдықтың үйлесімін сараптау.

**Әдістемелік нұсқаулар:**

Шығыс елдеріндегі қазіргі уақыттағы дәстүршілдік пен жаңашылдықтың себептерін, салдарын, типтерін және олардың өзіндік ерекшеліктері туралы кешенді білім беру. Шығыс халықтарының, халықаралық және аймақтық қатынастардағы заманауи саяси жағдай астарындағы дәстүршілдік пен жаңашылдық үрдістерінің үйлесімді даму ерекшеліктері жайлы түсінік қалыптастыру.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Л.Васильев. История Востока в 2 т.// Litres - 2021
2. Я.Полякова. Восток и Запад//Litres - 2017
7. М. Аль-Джанаби. Ислам. Цивилизация, культура, политика//Litres - 2017
3. И.Олейников. Социально-политические системы стран Восточной Азии//Litres - 2022
4. И. И.Санжаревский. Пропорциональность в современных социально-политических отношениях//Directmedia - 2014: 144
5. А.Исаков. Политическая модернизация в странах исламского востока: Проблема конвергенции периферии и центра//Lap Lambert Academic Publishing GmbH KG - 2013: 156
6. Л. Е. Гринин, А. В. Коротаев. Исламизм и его роль в современном исламском обществе// ООО "Издательство "Учитель" - 2019: 144
7. В.Федотова. Модернизация и культура//Litres - 2017
8. К.Асмолов. Корейская политическая культура. Традиции и трансформация//Litres - 2018.

**Интернет-ресурстары:**

1. С.Чжэньпэн, А. С. Трошин. Инновационный вариант развития экономики Китая //Инновации и инвестиции. – 2021. – №. 3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnyy-variant-razvitiya-ekonomiki-kitaya>
2. А. М. Родригес-Фернандес. Эволюция и модернизация общественно-политической мысли на Востоке//Запад и Восток: история и перспективы развития. – 2019. – С. 576-585. URL: [https://www.elibrary.ru/download/elibrary\\_37296064\\_54841744.pdf](https://www.elibrary.ru/download/elibrary_37296064_54841744.pdf)
3. Г. О. Петрунов. Дуализм социально-политических процессов Ближнего Востока в XX-XXI вв //Наука, образование и культура. – 2021. – №. 1 (56). – С. 52-54. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/dualizm-sotsialno-politicheskikh-protsessov-blizhnego-vostoka-v-xx-xxi-vv>

**ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ – 2 сағат**

Емтихан оқытушы мен магистранттарды алдын ала белгіленген емтихан кестесі бойынша өткізілуі маңызды. Магистрант емтихан белгіленген уақыттан бұрын келіп, емтиханға қажетті заттарын тиянақтауы тиіс. Емтихан басталғаннан кейін, өзінің құжатын көрсетіп, келу парағына белгіленіп, сосын тиісті конверттен емтихан билетін алып, келу парағында көретілген орынға отыруы тиіс.

Емтихан уақытында аудиториядан шығуға, тыйым салынған заттарды пайдалануға, көшіруге, қасындағылармен сөйлесуге тыйым салынады. Тапсырма орындалып болған соң, жұмысын ауызша талқылау беруге болады.

### **ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Бағалау шарты: оқу нәтижелерін дескрипторларға қатысты бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

-«өте жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материал бойынша терең жан-жақты білім; қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын түсіну; сабақтас пәндердің негізгі ережелерін нақты білу; емтихан билетінің барлық сұрақтарына логикалық, дәйекті, мазмұнды, толық, дұрыс және нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын еркін меңгеру;

-«жақсы» бағасы-барлық бағдарламалық материалды, қаралатын процестер мен құбылыстардың мәні мен өзара байланысын дұрыс түсінуді толық және толық білу; қойылған сұрақтарға дәйекті, дұрыс, нақты жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткілікті меңгеру;

-«қанағаттанарлық» бағалау - негізгі бағдарламалық материалды түсінудегі берік білім; қойылған сұрақтарға дұрыс, өрескел қатесіз жауаптар; ұсынылған әдебиет материалдарын жеткіліксіз меңгеру;

-«қанағаттанарлықсыз» баға - билет сұрақтарына дұрыс емес жауаптар; жауаптағы өрескел қателер; баяндалатын сұрақтардың мәнін түсінбеушілік; сенімсіз және дұрыс емес жауаптар.